

Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының өкімі 28 желтоқсан 1992 ж. N 7-33-ө

Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау

жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізу жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізу жөніндегі ведомствоаралық кеңесінің құрамы бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасарының
1992 жылғы " " желтоқсандағы
N _____ өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі Мемлекеттік комитетінің жанындағы Халықтың
жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізу жөніндегі
ведомствоаралық кеңес туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік

комитетінің жанындағы Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізу жөніндегі ведомствоаралық кеңес <*> өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын және осы Ережені басшылыққа алады.

Сілтеме. Мұнан әрі текст бойынша - Ведомствоаралық кеңес

2. Ведомствоаралық кеңестің негізгі міндеттері "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген республика аумағында оның тұрғындарын - халықты тіркеуді автоматтандырылған жүйемен есепке алуды енгізуге байланысты, әдістемелік және ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және қабылдау болып табылады.

3. Ведомствоаралық кеңес негізгі міндеттеріне сәйкес өзінің ұсыныстарын мынадай негізгі бағыттар бойынша қарайды және тұжырымдайды:

халық туралы ақпараттарды адами ерекшеліктерге сай есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру туралы жаңа әдіснамаларды әзірлеу және қолданылып жүрген әдіснама ережелерін жетілдіру;

халықты тіркеу көрсеткіштерінің ғылыми негізделген жүйесін жасау;

халық туралы ақпараттардың жаңа технологияларын жинауды, өңдеуді және сақтауды әзірлеу мен енгізу;

халықты тіркеудің және сонымен өзара іс-қимылдағы басқа да жүйелердің техникалық, бағдарламалық және ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз етілуін пайдалану.

4. Ведомствоаралық кеңес өзіне жүктелген міндетті орындау мақсатында өз құзыретінің шегінде халық тіркелуінің аймақтық және салалық ақпарат жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінен шешімдер қабылдайды.

5. Ведомствоаралық кеңестің мәжілісі оның жұмысының жылдық жоспарына сәйкес тоқсанына кемінде I рет өткізіледі.

6. Ведомствоаралық кеңестің:

Қазақстан Республикасының министрліктері мен

ведомстволарынан оның қызметі үшін қажетті ақпараттар сұрауға және алуға;

кеңестің мәжілістерінде халықтың тіркелуін әзірлеу мен енгізу жөніндегі жауапты атқарушылардың, тиісті министрліктердің /ведомстволардың/ және жергілікті органдардың Ведомстволық кеңестің жүзеге асырылып жатқан ұсыныстары мен шешімдерінің орындалуы мен нәтиже барысы хабарларын тыңдауға хұқы бар.

7. Ведомствоаралық кеңестің мүшелері оның мәжілістеріне алмастыру хұқығынсыз қатысады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасарының
1992 жылғы " " желтоқсандағы
N_____ өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы
Халықтың жан басын тіркеуді әзірлеу мен енгізу
жөніндегі ведомствоаралық кеңестің

Құрамы

Дәуренбеков А. К. - Қазақстан Республикасының
Мемстаткомы Төрағасының орынбасары
/кеңес басшысы/

Бехахметов Т. К. - Қазақстан Республикасы Еңбек
министрінің орынбасары /кеңес
басшысының орынбасары/

Құлжанов М. К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің орынбасары

Романов В. И. - Қазақстан Республикасы Халықты
әлеуметтік жағынан қорғау
министрінің орынбасары

Сапарбаев Б. М. - Қазақстан Республикасы Білім беру
министрінің орынбасары

Телеуханов А. А. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Тұрсынова Р. Х. - "Қазтұрғынкомшар" концерні
төрағасының орынбасары

Ахментаева М. С. - Қазақстан Республикасының
мемстаткомы әлеуметтік және
демографиялық статистика жетекші

басқармасының бастығы

Білеубаева М. Б. - Қазақстан Республикасының
Мемстаткомы демографиялық
статистика және халықтың
денсаулығы бөлімінің бастығы

Ғазизов С. Ғ. - Қазақстан Республикасының
Мемэкономкомы әлеуметтік саясат
және әлеуметтік бағдарламалар
жиынтық бөлімінің жанындағы
бөлімше бастығы

Мұсабеков Е. Н. - Қазақстан Республикасының
Мемэкономкомы жанындағы
ҚазҒТКАҒЗИ-дің еңбек экономикасы
секторының меңгерушісі

Назаров С. С. - Қазақстан Республикасының Ішкімині
ақпарат орталығы бастығының
орынбасары

Ысқақов Ұ. М. - Қазақстан Республикасының
Мемстаткомы статистикалық зерттеу
институтының директоры